

Әлеуметтік саланың жекелеген тарамдарының қызметкерлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 10 қантар N 2018. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және өнер қызметкерлерін әлеуметтік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Бюджеттегі денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет пен өнер мекемелері қызметкерлерінің төленіп жүрген айлық еңбек ақысының мөлшері 1995 жылдың 1 қантарынан бастап заң жүзінде белгіленген ең төменгі еңбек ақының бір есе көлемінде өсірілсін, еңбек ақыны бұл көтеруге аудандық, биік таулы, шөлді, сусыз жерлерде тұратындарға арналған және экологиялық коэффициенттер

қолданылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы мақсатқа жұмсалатын шығысты қаржыландыру үшін 1995 жылға арналған бюджетте қажетті қаражат көздейтін болсын.

3. Осы қаулы Бірыңғай тарифтік кесте қайта қаралғанға дейін күшінде болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті